



Ақмешіт

17 қазан
сейсенбі
№82 (1989)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ЖӘНІБЕКТИҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

Жексенбінің таңында боксқа жаны құмардың барлығы Жәнібек Әлімханұлының жекпе-жегіне назар аударды. АҚШ-тың Техас штатына қарасты Розенберг қаласында өткен кәсіпқой бокс кешінде шаршы алаңға шыққан жерлесіміз қазақ жұртына тағы да жеңіс сыйлады.

Батырымыз бұл жолы өзі секілді чемпионмен айкасты. Анау-мынау емес, IBF нұсқасы бойынша чемпиондық белбеудің иесі германиялық Винченцо Гуальтеримен жұлдызтасты. Винченцо бұған дейін 21 кездесу өткізіп, соның біреуінде тең түссе, қалған жиырмасында жеңіс тұғырынан көрінген. Тіпті 7 қарсыласын мерзімінен бұрын ұтқан. Бір сөзбен айтқанда, кәдімгі тіс қаққан спортшы.

Біздің Жәнібек болса WBO нұсқасы бойынша әлем чемпионы. Ол үнемі мен мықтымын дегендерді жұлдызтасуға шақырып жүр. Бірақ ыңғай танытатындары шамалы. Чемпиондық белбеуге қол жеткізген соң Жәнібек Әлімханұлы Лас-Вегаста Дензел Бенглиді ұпай санымен жеңді. Қазақ батыры мұнымен тоқтамады. Мамыр айында 27 жастағы канадалық Стивен Батлермен жекпе-жек өткізіп, оны екінші раундта естен тандырарлық соққымен сұлатып салды.

Кешегі жексенбіде таң ала кеуімен теледидар алдында отырған біздер Жәнібектің боксын асыға күттік. Жекпе-жек басталысымен Әлімханұлы алға ұмтылды. Әр раунд сайын екпінге екпін қосты. Жаттықтырушыларды да тыңдады, бәрін жоспар, берілген бағыт, көрсетілген бағдар бойынша істеді. Гуальтерери де қолынан келгенін жасап бақты. Ол да мықты екен. Жәнібектің ауыр соққысы тиіс де тез есін жиып үлгерді. Иә, бесінші раундта Гуальтерери Жәнібектің ауыр соққысының дәмін татты. Жекпе-жек тағдыры алтыншы раундта шешілді. Әлімханұлы қарсыласын соққының астына алды. Әр сілтеген соққысы ауыр тигені сонша, Гуальтерери теңселіп кетті. Шаршы алаң шетінде арқан болмағанда жер бауырлап құлайтыны анық еді. Рингтегі төреші бәрін дұрыс бағамдап, спортшының денсаулығын ойлап, жекпе-жекті мерзімінен бұрын тоқтатты. Жеңіс! Жәнібек Гуальтерериді техникалық нокаутпен ұтты. Осылайша, қазақтың Жәнібекі екі бірдей белдіктің иесі болды.

ЖАРАЙСЫҢ!

А.АҚЫЛБЕК

2 БЕТТЕ

■ СЕРПІН



ҮЗДІК ҮШТІКТІҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Биылғы 9 айдың қорытындысымен Қызылорда облысы экономикалық өсу қарқыны бойынша өңірлер арасында үздік үштіктен көрінді. Бұл туралы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндады.

Министрдің айтуынша, жыл басынан бері ел экономикасы 4,7%-ға өсті. Қызылорда облысы тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша 3-ші орында, өңдеу

өнеркәсібінің өсу қарқыны бойынша 4, ал құрылыс секторындағы жоғары өсімді қамтамасыз еткен өңірлер арасында 5-ші орында. Ведомство басшысы барлық экономикалық даму көрсеткіштерін есепке алғанда, Сыр өңірі алғашқы үштікте екенін атап өтті.

«Барлық экономикалық көрсеткіштер бойынша оң өсім 5 өңірде, атап айтқанда, Абай, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстары мен Алматы және Шымкент қалаларында байқалды», – деді Әлібек Қуантыров.

Жалпы өңірдегі жетістіктер, игі жобалар, нәтижелі тірлік қарапайым тұрғындарға да сезілетіні айқын. Қарбалас тірліктің нәтижесінде жыл бойы қоныстойлар жалғасын тауып, әлеуметтік нысандардың пайдалануға берілуі, даңғыл жолдар, қоғамдық көлік қызметі сапасының артуы, көркейген қала – жыл бойғы жұмыстың игілігі. Бүгінде облыста ауыз толтырып айтырлық байырқалы бастамалар аз емес.

■ САРАП

ӘКІМ БОЛАР МА ЕКЕНСІҢ?..



Сайлау дегенге көп адам сене бермейді. «Өй, қойшы, бәрібір өз адамы өтеді» дейтіндер жетіп артылады. Халықтың арасына кіріп, пікір сұрасаңыз, әр он адамның үшеуі осы сарында ой айтатыны анық. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында сайлау жүйесін жетілдіру жайлы тапсырма беріп келеді. Президент пәрменінен соң ауыл әкімдері сайланатын болды. Қызылорда облысының өзінде екі жылда ауылдық округтерде 54 әкім жаңадан сайланды. Алдағы уақытта аудан әкімдері де сайланбақ.

ЖЕТІ ҮМЕТКЕРДІҢ АЛТАУЫ ТІРКЕЛДІ

Қарашаның 5-жұлдызында Қызылорда облысында екі бірдей ауданның әкімі сайланады. Нақтырақ айтсақ, Шиели және Сырдария аудандарында әкім сайлауы өтеді. Мұндай шешім облыстық мәслихаттың кезектен тыс VI сессиясында қабылданған болатын. Сессияда Қызылорда өңірі бойынша пилоттық аудан және облыстық маңызы бар қалалардың тізбесі бекітіліп, сайлау өткізілетін аудан белгіленді.

Сайлау күнтізбесіне сәйкес 5 қыркүйек күні жергілікті уақытпен 18.00-ден кейін кандидаттардың ұсыным құжаттарын қабылдау аяқталды, делінген Kyzylorda-news.kz ақпарат агенттігі таратқан хабарда. Кандидаттарды тіркеу 10 қазанда аяқталды.

Қолда бар деректерге сүйенсек, сайлау науқанына екі аудан бойынша барлығы 7 кандидат ұсынылған. Оның ішінде 3 үміткерді саяси партиялар ұсынса, 4 кандидат өзін-өзі ұсынған. Олардың төртеуі мемлекеттік қызметкер, екеуі қазіргі әкімдер және біреуі бюджеттік сала қызметкері екенін айта кетейік. Әкім болғысы келгендердің бесеуі экономист болса, «аудан басқарса» деп армандағандардың қатарында бір заңгер мен бір құрылысшы бар. Ұсынылған жеті кандидаттың алтауы тіркеліп, біреуі өз өтініші негізінде кандидаттықтан алынып тасталды. Тағы бір айта кетерлігі, 10 қазан күні жергілікті уақыт бойынша 18.00-ден кейін кандидаттар үшін үгіт кезеңі басталды. Бұл ретте кандидаттардың өз сайлау қорлары болмайды. Олар арнайы белгіленген шығыстар шеңберінде ғана жұмыс істей алады.

2 БЕТТЕ

■ СҰХБАТ



Мақсат ЖҮСІП,
«Қызылорда автобус паркi» ЖШС директоры:

ЕСКІ АВТОБУСПЕН ДЕ ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТЫРМЫЗ

– Мақсат Өмірбекұлы, жаңадан үлкен сыйымдылықтағы автобустар келіп қаланың ғана емес, қалаға қарасты елді мекендердің ажарын кіргізіп жатқаны елді қуантқан еді. Қазір маршрутқа қанша қоғамдық көлік қызмет көрсетуде?

– Бұл сұраққа толық жауап берейін. Қызылорда қаласында жолаушылар тасымалын жақсарту мақсатында 2013 жылы «Қызылорда автобус паркi» ЖШС құрылып, Автобус парк тендеріміне облыстық бюджет есебінен «Zhangtong LCK 6105HGC» маркалы 20 автобус алынған болатын. Содан соң 2015-2016 жылдары 92 «ZhongTong» маркалы автобус, 2017 жылы 10 «ПА3» маркалы автобусы, сол жылы облыс әкімдігі мен «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және Еуропалық қайта құру және даму банкi арасында үш жақты меморандум

негізінде парк тендеріміне «Zhongtong LCK 6105 HGC» маркалы 92 автобус несиеге алынды. 2020 жылы автобус паркi 13 дана «ZhongTong» маркалы автобуспен толықтырылса, 2022 жылдың қарашасында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен серіктестікке «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке 150 жаңа автобус алынды.

2022 жылы серіктестік 5 бағыт бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырды. Ал 2023 жылы бұл көрсеткіш 19-ді құрауда. Олар: №1, №3, №10, №11, №12, №13, №14, №15, №16, №17, №18, №19, №20, №22, №25, №28, №29, №30, №31 және қосымша жүктелген «Ягодка», «ПМК-29» саяжайы бойынша қызмет көрсетуде. Қазіргі таңда, қала ішкілік жолаушылар тасымалын күнделікті 150 автобус жүзеге асыруда.

2 БЕТТЕ

■ ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ немесе ҒАРІП ТАБИҒАТ

Ғылым мен техниканың жыл санап дамуы өз кезегінде табиғатқа орасан зор кесірін тигізетіндігін жасыра алмаймыз. Қазір өндіріснің дамуы, жерасты қазба байлықтарының игерілуі, көлік санының артуы және басқа да факторлардың әсері қоршаған ортаның ластануына әкелуде. Десе де аймаққа экологиялық зиянын тигізіп отырған басты мәселенің бірі – «Байқоңыр» ғарыш айлағынан зымырандардың ұшырылуы. Ғылым мен техниканың дамуына, ғарыш кеністігін тануға, оны игеруге орасан зор мүмкіндік берген айлақтың адамдарға, табиғатқа келтіретін зияны да орасан.

Ақпарат көздеріне сүйенсек, айлақты көрші мемлекетке жалға беруде ел бюджетіне жыл сайын 115 миллион доллар көлемінде қаражат түседі екен. Қаржылық жағынан тиімді болғанымен салдары табиғи апатқа ұшырататыны дәлелді дүние. Бұл туралы талай мәрте айтылып келеді. Тіпті жалға беруді тоқтату керек деген ұсыныстар да сөз болған. Мұны ғарыш айлағының зиянын көзбен көрген жұртшылықтың жан айкайы деуге болады.

4 БЕТТЕ



ҮЗДІК ҮШТІКТІҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Жақында ғана Сыр өңіріне іссапармен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі әрегі істерді көзбен көріп, оң бағасын берді. Шыны керек, қазір аймаққа алыстан ат арытып кім келсе де не көрсетеміз деп әбігерге түсетіндей емес. Мұны кешегі Президент сапары да айқындай түседі. Мәселен, өңірде ғана емес, еліміз бойынша үлгі етіп көрсететін Нағи Илиясов ауылының өзі ауылды дамытуға болатынын сөзбен емес, іспен көрсетіп келеді. Ауыл мен қаланың жағдайын теңестіру мәселесі әлі де өзекті болса, ауыл тұрғындарына қаладағыдай жағдай жасауға ұмтылған ел ағаларының ерен еңбегіне дүйім ауыл дән риза. Ауылдардың қарқынды дамуы аймақ әлеуетінің артуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Аймақ экономикасының дамуына оң ықпал ететін құрылыс нысандары бүгінде қарқын алды. Қашанда тұрғын үй құрылысын жүргізуден көш басында келе жатқан өңірде биыл сол жағалауда 7 қабатты үйлер бой көтере бастады. Мұнан бөлек, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпалын тигізетін ірі жобалар қатары аз емес. Мәселен, «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы демеуші қаражатына салынууда. Жоба құны – 20 млрд теңге. Оның ішінде 15,7 млрд теңге демеушінің әуежай құрылысы үшін бөлінген қаржысы. Ал жергілікті бюджеттен әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу үшін 4,3 млрд теңге қаржы бөлінген. Жаңа терминал келер жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Нысан іске қосылғанда жолаушылар тасымалы бір сағатта 250 жолаушыға қызмет көрсете алады. Халықаралық стандартқа сай әуежай аймақ экономикасын көтеруге серпін берер бірден-бір нысан екені даусыз. Сонымен қатар заманауи үлгіде салынып жатқан автобекет жыл соңында іске қосылды деп жоспарланған және теміржол вокзалы да күрделі жөндеуден өтуде. Тоғыз жолдың торабында орналасқан өңір үшін жол жағдайы қашанда маңызды. Осы орайда Қызылорда-Жезқазған автожолының салынуы – көптен бері айтылып жүрген түйткілді мәселенің шешімін табуы.

Өңірде жүзеге асқан бірегей жобаның бірі – облыс орталығында салынып жатқан жаңа жылу-электр орталығы. Өткен жылы Энергетика министрлігі тұркиялық «Акса Енерджи Уретим АС» компаниясымен Қызылорда қаласында жаңа бу-газ қондырғысын орнату жөнінде келісім-шартқа қол қойғаны белгілі. Штездік инвестиция есебінен салынып



жатып жатқан жаңа жылу-электр орталығы 240 МВт электр қуатын өндіре алады. Жобаның болжамды құны – 215 млрд теңге. Бір айта кетерлігі, бұл нысан қаланың жылу және электр қажеттілігін толық қамтамасыз етіп ғана қоймай, басқа өңірлерге сатуға да мүмкіндік береді.

Өңірдегі өсімнің негізгі көрсеткіші де көңіл көншітерлік. Мемлекет басшысының Қызылорда облысына сапарында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысын ел Президентіне баяндады.

Аймақ басшысының айтуынша, Қызылорда облысының жалпы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде өсім байқалады. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі 115,8 пайызға (227 млрд теңге), ауыл шаруашылығы 101,6 пайызға (157 млрд теңге), құрылыс 126,4 пайызға (117 млрд теңге), тұрғын үйлер салу 118,9 пайызға (618 мың ш.м), сауда-саттық 104,1 пайызға (531 млрд теңге) артқан. Негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемін биыл 472 миллиард теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Оның басым бөлігі жеке инвестицияларға тиесілі.

Облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы үш жыл ішінде 27 мектеп салу жоспарланған. Қазіргі кезде Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы

мектеп-интернаты салынууда. Емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың, Қан орталығының құрылысы жүргізіліп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 медициналық-амбулаториялық нысан салынып жатыр. Өңірде бірқатар спорт және әлеуметтік-мәдени нысан бой көтереді. Атап айтқанда, жуырда 7 мың орындық Орталық стадионның, жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталады. Аудандарда шағын 11 дене шынықтыру кешенін салу үшін жергілікті бюджеттен 2,6 миллиард теңге бөлінген. Облыс орталығында салынып жатқан Өнер орталығы жыл аяғына дейін ел игілігіне пайдалануға берілетін. Өңірдің тыныс-тіршілігін түлетуі жергілікті кәсіпкерлері де елеулі үлес қосуда. Әлеуметтік нысандар салу, демалыс саябақтарын, ойын-спорт алаңдарын, үйлердің қасбеттерін жаңарту, аулаларды абаттандыру жұмыстары демеушілердің көмегімен жүзеге асырылып келеді. Бұл – билік пен бизнестің тұтан жерді түлетуде біріге білуінің жемісі. Бүгінде өңірде қай салада болсын өсім бар. Құрылысы қарқын алған, өнеркәсібі өркендеген аймақтың үздіктер қатарында болуы заңды да.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

ӘКІМ БОЛАР МА ЕКЕНСІҢ?..

ӘКІМ БОЛУДАН ҮМІТТІЛЕР

Сонымен 2 ауданға 6 үміткер. Үш-үштен кандидат бар. Екі аудан да облыс орталығына жақын орналасқан. Қызылордадан оңтүстікке қарай бет алсаң Шиеліге тап боласың, батысқа қарай жүрсең Сырдария ауданына тірелесің. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорданың дәл екі бүйірінде сайлау өтпекші. Біз тіркелген 6 кандидаттың атын атап, түсін түстегенді жөн көрдік.

Алдымен 90 мыңға жуық халқы бар, 50 мыңнан аса сайлаушысы бар Шиеліден бастайық.



Сайлауға Шиелінің қазіргі әкімі Нұржан Ахатов та түсіп жатыр. Өзі сол ауданның тумасы. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит», Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын Қызылорда облысының статистика жөніндегі есептеу орталығында бастаған. Еңбек жолында Шиелі ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы, аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің меңгерушісі, аудан әкімінің орынбасары қызметтерінде болды. Қызылорда облысы әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы, Қызылорда облысының кәсіпкерлік басқармасы бастығының орынбасары, Шиелі ауданы әкімі аппаратының жетекшісі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының жетекшісі, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары ретінде жауапты қызметтер атқарған. Бір сөзбен айтқанда, әбден ысылған. Бұған «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС директоры болғаны және Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты болғаны, «Байқоңыр» ӘКК мекемесін басқарғанын қоспағанда талайды көрген, «мектептен» өткен кадр екенін ұғуға болады.

Тізімдегі екінші үміткер – облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов. Бұл да мықты маман. Қызылорда гуманитарлық университетін «қаржы және несие», Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университетін «зандану» мамандықтары бойынша бітірген. Бұдан бөлек Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі және АҚШ-тың Каролина штатының ДЮК университетінің «Саясаттану» мамандығы бойынша әлеуметтік білім магистрі академиялық дәрежесі берілген.

Басы 1-бетте



Оқыман жерінің өзі қаншалықты білімді екенін көрсетіп тұр. Алмасбек Әбілқасымұлы еңбек жолында қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің маманы, облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің жетекшісі, бас мамандары, қала әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас маманы, бас инспекторы, Тасбөгет кенті әкімінің орынбасары, бөлім басшысы, Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі, облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, бөлім басшысы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің аппараты басшысы, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы лауазымдарында қызмет атқарған. Облыстық қоғамдық даму басқармасына келгенше Шиелі ауданы әкімінің орынбасары болып еңбек етті.

Шиеліге әкім болудан үмітті үшінші кандидаттың есімі – Нұрғали Қордабай. Ол Қызылорда политехникалық институтын «Бухгалтерлік есеп және аудит», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құқық» мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 1997 жылы «Дәнекер» АҚ бухгалтері ретінде бастаған ол 1999-2015 жылдары Қызылорда облысының салық органдарында жауапты басшылық қызметтер



атқарған. 2015-2016 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі, 2016-2018 жылдары облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары, 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап экономика және қаржы басқармасының басшысы қызметін атқарып келді. Бүгінде тексеру комиссиясының мүшесі.

Тіркеген үш үміткердің біреуін, нақтырақ айтсақ, Нұржан Ахатовты «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігі ұсына, Алмасбек Есмаханов пен Нұрғали Қордабай өзін-өзі ұсынаған.

Сырдария ауданына да үш кандидат тіркелген. Олардың ішінде қазіргі әкімі Берік Сәрсенбаев та бар. Ол Алматы архитектура-құрылыс институтын «өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолында «Казторгстрой» трестінің тас қалаушысы, Қызылорда қалалық сәулет және құрылыс бөлімінің бас маманы, бөлім бастығы және Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда



қаласы мен Қармақшы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары, Сырдария ауданы әкімінің орынбасары болды. Ерғешбаевтан соң аудан басшысы болып отыр.

Тереңөзекке табан тірегісі келетін тағы бір үміткердің есімдері – Ерлан Бәкіров. Жоғары білімді, Қазақ гуманитарлық заң университеті мен «Болашақ» университетін заңгер, экономист мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 2004-2005 жылдары «Райм» ЖШС-да заңгер болып бастаған ол 2005-2006 жылдары Қызылорда облысының табиғи монополиялардың қызметін реттеу және бәсекелестікті қорғау департаментінің жетекшісі маманы болып еңбек етті. 2006-2016 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің жетекшісі маманы, бас инспекторы, кадр жұмысы бөлімінің басшысы болса, 2016-2020 жылдары Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары, Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған. Бүгінгі таңда облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымын атқарады. Иә, қымбат болса да оңай қарсылас емес.

Сырдария ауданында басқарғысы келетін үміткерлердің ішінде Бауыржан Қарсақбаевтай тағы бір азамат бар. Ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік және «Болашақ» университеттерін бітірген. Еңбек жолында қарапайым механиктен бастап басшылық қызметтерге дейін көтерілген. Әр жылдары Қызылорда облыстық медицина орталығында инженер-оператор, Қызылорда қаласы әкімі аппаратында маман, жетекшісі маман, бас маман, қалалық кәсіпкерлік



бөлімінде бас маман, Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының әкімшілік бөлімінің бастығы, облыс әкімі аппаратында бас инспектор, облыс әкімі орынбасарының көмекшісі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының экономика және қала инфрақұрылымын дамыту бөлімінің бастығы, энергетика және коммуналдық шаруашылықты дамыту бөлімінің бастығы,



қала әкімі орынбасарының көмекшісі-бас инспекторы, Қызылорда қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің бастығы, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бастығының орынбасары, облыс әкімі аппаратының «Жұмылдыру жұмыстары және дағдарыс жағдайындағы шұғыл талдау орталығы» КММ басшысының орынбасары, басшысы, Сырдария ауданы әкімі аппаратының басшысы лауазымдарын атқарған. Қазіргі таңда Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті РММ басшысы, Қызылорда облысының мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы екенін айта кетейік.

Сырдария ауданы бойынша тіркелген үш кандидаттың ішіндегі Берік Сәрсенбаевты «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігі ұсына, Ерлан Бәкіров пен Бауыржан Қарсақбаев өзін-өзі ұсынаған.

Әзірге қолда бар бар ақпарат осы болып отыр. Кімнің жеңіске жететіні 5 қарашада, сайлаудан кейін белгілі болады

Әзіз ЖҰМАДИДӘУЛЫ

Мақсат ЖҮСІП,
«Қызылорда автобус паркі»
ЖШС директоры:

ЕСКІ АВТОБУСПЕН ДЕ ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТЫРМЫЗ

– Әлі де келетін автобустар бар ма? Келсе жаңа автобустар қай бағыттарға беріледі? Бұл қоғамдық көлікке қаражат қайдан бөлініді?

– Жаңа автобустар алдымен серіктестіктің тапшылық бар бағытына беріледі. Жаңа автобустың бағыттар тізімін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі рәсімдейді. Облыс орталығы тұрғындарымен қала қонақтарына облыс қызмет көрсету мақсатында соңғы үлгідегі қоғамдық көліктер санын арттыру үшін осы жылдың бірінші жартыжылдығында қосымша екі сыйымдылықтағы 150 автобус сатып алу үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке жаңа автобустар алу жөніндегі ұсынысқа облыстық және қалалық мәслихат депутаттары қолдау көрсетіп отыр. Облыс әкімі Н.Нәлібаев жуырда алғашқы 50 автобустың кілтін ресми түрде табыстады. Қалған 100 автобус желтоқсан айына дейін жеткізіледі. Серіктестіктің стратегиялық жоспарына жыл көлемінде қалаішілік жолаушылар тасымалының барлық бағытын қамту кіреді.

– Үлкен сыйымдылықтағы 5-6 жыл болған «ескі автобустар» қандай мақсатта қолданылады?

– Серіктестік теңгеріміндегі бұрын қолданыста болған үлкен сыйымдылықтағы 40 көлік күрделі жөндеу жұмысынан кейін қосымша бағытқа қосылып, қалаішілік жолаушы тасымалдау жұмысын жақсартуға өз үлесін қосуда. Біздің басты міндетіміз – жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бір сөзбен айтқанда ескі автобуспен де елге қызмет етіп жатырмыз.

– Ескі автобустың өзіне қанша қаржы бөлініп алынды. Жаңадан келіп жатқан автобустар да 5-6 жылда бұзылып, жөндеуге жарамсыз болып қалмай ма?

– Облыстық мәслихаттың шешімімен 2022 жылы қаладағы қоғамдық көлік базасын жаңартуға 1 млрд 400 млн теңге облыстық бюджеттен жұмсалды. Осы жылы келетін автобустарға 1 млрд 600 млн теңге қаржы қаралды. Алғашқы 50 автобус қалаға жеткізілді. Әр автобустың өзіндік жарамдылық мезгілі болады. Зауытқа әр автобусқа 1 жылдық жарамдылық беріледі. Жөндеу цехының мамандары бұзылған автобустың құжатын рәсімдеп зауытқа жолдайды. Зауыттың арнайы мамандары қажеттілігіне қарай автобусты жөндейді. Өзіңізге мәлім қала орталығындағы көшенің жағдайы жақсы, ал шет аймақта жол мәселесі қиындық туғызуға. Бұл өз кезегінде жарамдылық мерзімін қысқартуды қажет етеді.

– Көлік жүргізушілерінің жалақысы өскені де естілік. Алайда автобус айдайтын шоферлар жетіспей жатыр дегеннен де хабарымыз бар. Ол қаншалықты рас?

– Қоғамдық көлік санының еселеп артуына байланысты серіктестіктің штаттық бірлігі 376-дан 464-ке дейін артып, оның ішінде 300 бірлікті автобус жүргізушілері құрайды. Айлық мөлшері 1 сағатқа – 1490 теңгені құрауда. Жұмыс жасау тәртібі 2 жұмыс күн, 2 демалыс күн. Дұрыс айтасыз. Серіктестікте жүргізушілер тапшылығы бар. Себебі жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз етуге қойылатын кәсіби талапқа сай жүргізуші аз. Қоғамдық көлікті тізгіндеуге 25 жасқа толған, кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, «D» санатындағы жүргізуші қабылданады.

Қазақстанда қоғамдық көлік жүргізушілерінің тапшылығын шешу үшін олардың мәртебесін дәрігерлер мен мұғалімдердікі сияқты көтеруді Қазақстанның автокөлік одағының басшысы ұсынған болатын. Бүгінде елімізде сегіз мыңға жуық қоғамдық көлік жүргізушісі тапшы. Біздің өңірде де жүргізуші тапшылығы байқалады. Сол үшін автобус жүргізушілерін ынталандыру мақсатында әр ай қорытындысымен жол жүру ережесін бұзбай, автобустың ішкі және сыртқы тазалығын жоғарғы деңгейде сақтаған жүргізушілерге түрлі мөлшерде ақшалай бонус беріледі.

– Серіктестіктің құрылғанына 10 жыл толғанынан хабардармыз. Мерекеге орай қандай шаралар қолға алынбақ? Мекеме қызметкерлеріне қандай қамқорлық жасалады?

– 2023 жылы серіктестік жұмысына 10 жыл толуда. Оң жылдық жеделде көптеген жұмыс атқарылды. Жоғарыда атап өткендерді тек бірсыпырасы. Айтулы датаға орай жыл соңында жақсы қызметі үшін біршама автобус жүргізушісі «Үлгілі жүргізуші», «Елеулі үлесі үшін», «Креативті жүргізуші», «Шебер жүргізуші», «Жол қауіпсіздігі қозғалысының үздігі», «Таза автобус» және «Жыл жүргізушісі» аталымымен марапатталатын болады. Қызметкерлердің құқығы мен мүддесін қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында мекемеде кәсіподақ комитеті құрылған. Серіктестіктің кәсіподағы тарапынан бүгінгі күнге дейін қызметкерлерді ынталандыру мақсатында жаңа жылда, наурыз мерекесінде, республика күнінде, 8 наурызда және өзге де мерекелер салтанатты түрде ұйымдастырылады. Алдағы уақытта қызметкерлерді шипажайға және олардың балаларын тынығу лагеріне жіберу жұмысы қолға алынбақ.

– Өңімізге рахмет. Жұмыстарыңыз табысты, 10 жылдық бәлестеріңіз құтты болсын!

Сұхбаттасқан
Гайнар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

ҒАСЫР ЖҮГІН КӨТЕРГЕН КІТАПХАНА

«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын казна» деген екен ұлы ойшыл Әлішер Науаи. Біз кітап арқылы білімге ғана жол ашпаймыз, жаңа идеяларға кілт табамыз, рухани және материалдық құндылыққа қол жеткіземіз, сұлулықты түсінеміз. Адамның ақыл-ой парасаты кітап оқу арқылы дамиды.

Кітап – адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие құралы. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтің бірі. Сол үшін де халқымыз кітапты аса құрметтейді. Сондықтан да «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» дейді. Рухани өмір айнасы кітап болса, кітапхана кітапты сақтап, оқырман қауымға насихаттап отыратын қасиетті қара шаңырақ. Осы орайда рухани өмірімізде Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының орны айрықша. Кітапсүйер қауымның сүйікті мекеніне айналған мәдениет ошағының 150 жылға тарта тарихы бар. Сәулеті келіскен бүгінгі облыстық кітапхананың іргетасы сонау 1867 жылы қаланғаны көп оқырман үшін беймәлім.

Үш ғасырдың тынысы сезілетін Қызылордада кеше мен бүгінді жалғастыратын осындай байырғы мәдени орындар саны аз емес. Алайда бұл рухани орданың орны өз алдына бір төбе. Алғашында Ақмешіт уезінің әскери бекінісінде халық игілігіне ашылған кітапхана 1917 жылға дейін қалалық кітапхана болып қызмет жасаған. Араға 20 жылға жуық уақыт салып, 1938 жылы облыстық кітапхана мәртебесін алды. Осылайша есігін қайта ашқан руханият ордасына белгілі жазушы Максим Горькийдің есімі берілген еді. Осыдан кейін кітапхана тынысы кеңейіп, түрлі бағытта қызмет көрсететін бірнеше бөлім ашылды. Көптеген өз ісінің білгірлері келіп, рухани орданың жұмысы жандана түсті.

Кітапхана тарихы тереңде екенін, оның қайнар көзі сонау ілгері жылдардан бастау алатынын көп оқырманымыз біле бермейтіні рас. Оның үстіне сол жылдардағы бұл мекеменің тыныс-тіршілігі туралы мәлімет өте мардымсыз. Тіпті қолымызда сол кезеңдегі суреттер де жоқ. Бірақ 1938 жылы Қызылорда облысы өз алдына бөлініп шыққаннан кейін ол қалалық деңгейден жоғарылап, облыстық мәртебе алды, – дейді кітапхана қызметкерлері.

Ғасырдан астам уақытты заман көшімен арқа тастаған мәдени ошақ тұғырлы тәуелсіздігімізді алғаннан кейін 1999 жылы халық жазушысы, ақын Әбділда Тәжібаев есімін иеленді. Тау тұлғаның атымен аталған нысан 2009 жылы типтік жобадан салынған жаңа ғимаратқа көшірілді.

– Бүгінде бұл мәдени нысан республикалық, облыстық деңгейдегі айтулы жиындар мен түрлі рухани басқосулар өткізетін орын ретінде айрықша маңызға ие болды. Сондай-ақ



трондық каталогтардан ақпарат іздеу, виртуалды анықтама қызметі, құжаттарды электрондық жеткізу, кітаптар мерзімін онлайн ұзарту.

Облыстық кітапхана процес-терді автоматтандыру, цифрлық ресурстарды және электронды дерекқорларды құруға бағытталған «WEB-РАБИС» бағдарламасымен жұмыс істейді.

Кітапхана пайдаланушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әдеби кеш, дөңгелек үстел, кітап тұсақесері, ақын-жазушылармен, қоғам қайраткерлерімен кездесу, кітап көрмесі, библиографиялық шолу және өзге де танымдық шара ұйымдастырылады.

Жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығын насихаттау мақсатында кітапханада «Әдеби өлкетану», «Елге сәлем», «Туған жер» арнайы жобалары жұмыс жасайды. Кітапханада Ә.Тәжібаев музейі бар. Музейде Сыр елі, туған жерін өмірінің соңына дейін жырлап өткен ақынның кітаптары, қолжазбалары, құжаттары сақталған. Жыл сайын Ә.Тәжібаевтың туған күнінде – 4 ақпан күні дәстүрлі Тәжібаев оқулары өткізіледі.

2015 жылы қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, драматург Қалтай Мұхамеджанов залы ашылды. Мұнда жазушының 8 мыңға жуық кітабы, құжаттары, фотосуреттері және жеке заттары бар.

Қ.Мұхамеджановтың жеке кітапханасында Қазақстан жазушыларының, шетел әдебиеті классиктерінің көркем шығармасы, сондай-ақ тіл білімі, өнер, философия, дін туралы

қабілетін дамытуға бағытталған АРТ-студиясы, сурет салу, «Ісмер», «Алақай» қуыршақ үйірмесі, «Еркетай» балалар алаңы, «Оқуға құштар мектеп» «Әжемнің ертегілері», «Кітаппен бірге өсеміз», «Жазғы кітапхана» жобасы бұлдіршіңдердің ақыл-ойын дамытуға оң әсерін береді. Сондай-ақ «Жауқазын-ғұмыр», «Рауан», «Кездесу» клубтары, корей тілін үйрету үйірмесі және «BOOK safe» жұмыс жасайды, – дейді кітапхана директоры.

Кітапханашылардың еңбектері еленіп, марапат төрінен көрініп, зор жетістіктерге қол жеткізуде. Мекеме басшысы Нұрлыбек Мынжастың айтуынша, биылғы жылдың тамыз айында кітапхана қызметкері Салтанат Скакова «Жаңа толқын» бағдарламасы аясында Мәскеу қаласында өткен «Образовательная коллаборация библиотек содружества» атты халықаралық кітапханалық жобаға қатысты. Жоба аясында Ресей, Беларусь, Сербия, Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Армения елдерінен келген жас кітапханашылар Мәскеудің бірқатар кітапханаларында болып, өзара тәжірибе алмасты. Жоба бойынша кітапхана бағытындағы алған тәжірибесін облыс аумағындағы кітапханашыларға таратты.

Қыркүйек айында Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасында өткен «Жылдың үздік жас кітапханашысы – 2023» республикалық байқауында кітапхана қызметкері Изанелья Ақтай жүлделі 3 орынға ие болды. Мұндай жетістіктер осы салада жүрген әріптестеріне үлгі болды.

Тарлан тарихтың талай сынынан өткен аймақтың бас кітапханасы оқырмандар алғысын аркалап, мәдени, әдеби мұраны насихаттау жолында талмай еңбек етеді деп ойлаймыз.

Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА



Өткен аптада орталық алаңда шахматтан турнир өтті. «Шахмат керуені» аталған спорттық шара еліміздің барлық аймағында өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысты.

ШАХМАТ КЕРУЕНІ – СЫР ЕЛІНДЕ

– Алты Алашқа ана болған Сыр өңіріне «Шахмат керуені» келіп жатыр. Бұл – біз үшін маңызды оқиға. Өйткені облысымызда шахматтан үлкен жетістіктерге жетіп жүрген спортшыларымыз баршылық. Олардың қатарында 12 дүркін Қазақстан чемпионы, үш дүркін әлем, жеті дүркін Азия чемпионы, облыс тарихындағы тұңғыш фиде шебері Әсел Серікбай мен тоғыз дүркін Қазақстан чемпионы, оқушылар арасында әлем, Азия

чемпионы Назерке Нұрғали сияқты мақтаншытарымыз бар. Әлі де ортамыздан болашақ гроссмейстерлер шығатынына сенімдімін», – деді Мейрамбек Зинабдиұлы.

Шара барысында шахмат федерациясының облыстық филиалы ашылды. Филиал төрағасы болып кәсіпкер Асқар Махамбетов тағайындалды. Осы орайда Қазақстан шахмат

Бүгінде облыста 14 175 адам шахмат спортын серік еткен. Оның 7 мыңнан астамы ауыл тұрғындары. Сондай-ақ шахмат ойынын үйретуде 365 жаттықтырушы сабақ береді.



федерациясының вице-президенті Марат Есенов аймақтық филиалдың ашылуы өңірде шахмат спортының дамуына мүмкіндік беретінін жеткізді.

Қазір шахмат спортын дамыту мақсатында бірқатар өңірде пилоттық жобалар жүзеге асырылуда. Осы бағытта «Мектептегі шахмат» пилоттық жобасы аясында Қызылорда облысындағы 5 мектепте оқушылар интеллектуалды ойынмен кәсіби түрде шұғылдануда, – деді вице-президент.

Бүгінде облыста 14 175 адам шахмат спортын серік еткен. Оның 7 мыңнан астамы ауыл тұрғындары. Сондай-ақ шахмат ойынын үйретуде 365 жаттықтырушы сабақ береді.

«Шахмат керуені» шарасында алаңға мобилді киіз үй тігіліп, онда швейцарлық жүйе бойынша 11 кезеңнен тұратын блиц турнир өтті. Аталған турнирге бұған дейін



іріктеуден өткен 20 шахматшы қатысты. Жарысқа қатысушылардың арасында 10 жасар шахматшы да бар.

– Шахмат ойнауды үйренгеніме 5 жыл болды. Қаладағы «Чемпион» шахмат клубына барамын. Облыстық іріктеуде 11 қарсыласымның сегізін жеңіп жартылай финалға шықтым. Бүгінде қарсыластарым мықты шахматшылар. Алайда үздік ойын көрсетуге тырысамын, – деді турнирдің жас ойыншысы Азат Әміреев.

Талапқа сәйкес жарысқа қатысушы 20 ойыншының ішінен тек үздік шыққан 3 шахматшы ғана гранд-финалға жолдама алды. Ал сайыс қорытындысымен 11 ұпайдан 10 ұпай жинаған Ернұр Ержанұлы 1 орынға лайық деп танылды.

Тоғыз ұпай көрсеткішімен Әділет Ерсерік II орынды, 8 ұпаймен III орынды Нұрсәт Оспан иеленді. Бір қызығы, гранд-финалға жолдама алған I және III орын иегері бір үйдің балалары болса, олардың жаттықтырушысы II орын иегері атанды.

Турнир аяқталған соң халықаралық деңгейдегі шахмат шебері Әсел Серікбай бір мезеттік ойын сеансын көрсетті. Оған алдын ала тіркелген 10 әуесқой шахматшы қатысты.

Турнирдің гранд-финалы қараша айында Түркістан қаласында өткізіледі деп жоспарлануда. Ал гранд-финал жеңімпазына 5 миллион теңге табысталамақ.

А.ӘЛІМ

ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ немесе ҒАРІП ТАБИҒАТ



Жалпы Ресей «Байқоңыр» ғарыш айлағынан соңғы 20 жылда «Протон-М» зымыранын 110 рет ғарышқа ұшырыпты. Ал оның 11-інде апатқа ұшыраған екен. Ғарышқа ұшқанын қоспағанда, осы 11 апаттың өзі табиғатқа қаншама залал келтіріп, адам өміріне қауіп төндіргенін ойлаудың өзі қорқынышты. Мәселен, 2013 жылы «Протон-М» зымыран тасығышы апатқа ұшырағанда зымыраннан 600 тонна гептил төгіліп табиғатты ластағаны белгілі. Оның құрамында азот тетраоксиді мен керосин болған. Өкінішке қарай, мұндай жағдай 2018 жылы да қайталанды. Бұл жолы апатқа ұшыраған «Союз-ФГ» зымыран тасығышынан 22 тонна гептил төгілген. Ресми ақпаратты сол тұста ҚР Ресейдегі елшілігінде кеңесші, кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары болған Марат Сыздықов Мәжіліс отырысында айтқан еді.

Гептилдің қоршаған ортаға тигізер зияны туралы көпшілік жақсы біледі. Оның бірнеше жыл жойылмайтыны, ауаны ластайтыны айтылып, дабыл қағылған-ды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағына байланысты екі ел арасындағы келісім бойынша Ресей мемлекеті апатты жағдайдан соң экологияға келтірген залалы үшін өтемақы төлеуі тиіс. Сол тұста қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігі апат шығынын 13 миллиард теңгеге бағалаған. Көрініс мемлекет апат шығынын өтеуге келіскенімен бұл мәселе іс жүзінде жүзеге аспады.

Ғалымдар Байқоңырдан ғарышқа ұшатын зымырандардың аса улы гептилді пайдаланатынын айтады. Бұл жанармай түрін қолданудан, тіпті батыс елдері түгелдей бас тартқан көрінеді. Яғни дамыған өркениетті елдерде бұған тыйым салынған. Мамандар гептилдің аса улы екенін және тіршілікті жоятынды қауқары барын айтады. Бұған дәлел ретінде өңірде акбөкендердің жаппай қырылуын айтуға болады.

Облыста Экология департаменті экологиялық бақылау жүргізу мақсатында «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ-мен бірлесіп, ғарыштық мониторинг жүргізеді. Департаменттің баспасөз орталығы берген мәліметке сүйенсек, мониторинг нәтижесінде 74 рұқсатсыз қалдық орындары анықталған. 2018 жылы 240 рұқсатсыз қалдық орны анықталса, соңғы төрт жылда бұл көрсеткіш азайған. Бүгінде аталған қалдық орындары жойылған.

«Байқоңыр» кешені бойынша мемлекеттік экологиялық бақылау Ресей Федерациясының Үкіметімен «Байқоңыр» кешенінің аумағындағы қоршаған ортаны қорғау мәселелері туралы келісім құжаттарына, олардан туындайтын хаттамалар мен ережелерге сәйкес жүргізіледі. Осы ретте «Байқоңыр» кешеніндегі 6 нысанға жоспарлы тексеру жүргізіліп, анықталған 4 заң бұзушылықты жою жөнінде ұйғарым берілген. «Байқоңыр» кешенінде өзекті мәселелердің бірі – Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің маңайындағы құрылыс қалдықтары жою мәселесі Қазақстан-Ресей арасындағы Байқоңыр кешені жөніндегі 7 үкіметаралық комиссия отырысында қаралды. Нәтижесінде Байқоңыр қаласы әкімшілігімен 2021-2023 жылдарға арналған жол картасы бекітіліп, 10,5 мың тонна қалдық жойылды. Бұдан бөлек, мемлекеттік экологиялық бақылау және реттеу барысында Байқоңыр қаласының әкімшілігіне қарасты тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына экологиялық заңнама талаптарына сәйкес сұрыптау кешені салу жөнінде шарт қойылып, тиісті жұмыстар атқарылуда, – дейді департаменттің баспасөз хатшысы Ботагөз Сейілова.

Ресей ғалымдарының зерттеуінше, сәуір айында магнитті дауылды әлем жұртшылығы алты рет сезінеді екен. Бұл кезде біздегі ғарыш айлағынан зымырандар көптеп ұшырылады. Ал аймақта өлім-жітім саны артатын көрінеді. Магнитті дауыл соққан күні өңір халқы Байқоңырдан ракета ұшқанын бірден біледі. Себебі ауа райының бұзылуы, шаңды боран жұртшылықты әбігерге түсіреді. Әсіресе жүрек-қан тамырлары ауруымен ауыратындар үшін қиын.

Ғалымдар зымыран ұшқаннан кейін болатын тағы бір құбылыстың орын алатынын айтады. Мәселен күз, қыс, көктем айында аспандағы бұлттардың қалыңдығы 100-500 метр болса, «Протондар» ұшқаннан кейін олар буланып, қалыңдығы бірнеше шақырмыға дейін жетеді екен. Осылайша күн сәулесінің жер бетіне түсуіне кедергі жасайды.

Зымыран ұшырудың зияны 2001 жылы Ресей зымырандарды Байқоңырдан емес, ылғалды Архангелск аймағында орналасқан Плесецк космодромынан ұшырағанда байқалған. Себебі зымыран ұшырағандан кейін қалыңдығы бірнеше метр қар жауып, Мәскеудің өзінде 40 градус аяз болған деседі. Осыдан соң бұл аймақта зымыран ұшыруға тыйым салынған.

Қазір ғалымдар жер серіктерінің «Байқоңырдан» ұшырылуы тек Қызылорда өңіріне ғана емес, жалпы әлемді алаңдатар экологиялық мәселеге айналды деп отыр.

Жалпы ғаламдағы табиғи өзгерістер мен апаттар зымыран тасығышының зияны деген де сөз бар. Олар өз орбитасына жеткенше ғаламшарды бірнеше мәрте айналып ұшатын көрінеді. Ал бұл өз кезегінде әлемдік климаттың өзгеруіне әкелуде.

Бүгінде еліміздегі экологиялық ахуал алаңдатарлық жағдайда. Бұл мәселе – әсіресе өңірімізде көкейкесті. Қоршаған ортаны ластанудан сақтау, табиғатты аялау күн тәртібіндегі мәселеге айналды. Адамзат тіршілігіне қажетті табиғаттан алатынын ескерсек, бұған бей-жай қарауға болмайды.

УРАЛАП УРАН ДА ШЫҒАРДЫҚ



Сыр өңірі мұнай өндірісінен бөлек, уран өндірісімен де айналысады. Бұл тұрғыда Қызылорда облысы – еліміздегі тау-кен өндірісіне екпін беріп отырған бірден-бір аймақ.

Жалпы уран өндірісі еліміздегі тау-кен өнеркәсібі саласында жетекші рөлге ие деуге негіз бар. Себебі Қазақстан бұл өндіріс түрінен әлемде 1-орында болса, көрерсеткіші бойынша 2-орынды алады. Өткен жылғы көрсеткішке сүйенсек, елімізде жылына 20 мың тоннадан астам уран өндіріледі екен. Осылайша еліміз әлемдегі уран өндірісінің 40 пайызын құрап отыр.

Облыстың Шиелі, Жанакорған аудандарында уран шығарылады. Олар «Солтүстік Қарамұрын», «Оңтүстік Қарамұрын» және «Ірқөл» сынды кен орындарында табиғи уранды ұңғылар арқылы жерасты сілтіндіру әдісімен өндіреді.

Өндіріс басшылығы шикізатты алуда экологиялық ахуалға зиян тигізбеу үшін барлық жұмыс жер астында, тау жыныстары орналасқан жерде жүргізілетінін айтады. Бұл ретте ауаны ластайтын шаң-тозаң, қышқыл заттардың уы жер бетіне шықпайды екен. Бұл технология әлем бойынша қолданысқа енген. Себебі экологиялық апат тудырмас үшін бұл тиімді көрінеді. Бұған қоса уран өндіруге арналған құбырлар қышқыл заттарға төзімді полиэтилен, поливинилхлорид, тотықпайтын болат материалдардан жасалған. Мұндай құбырда уран ерітінділері де қалыбын бұзбайды. Ал өндірілген өнім герметикалық шестерналарға құйылады. Содан соң максатты жерге шашпай-төкпей тасымалдау көзделеді.

Мамандардың сөзіне сенсек, сілтіндіру реагенті негізінен тек жер астында жүреді. Өйткені жер астындағы өнім сумен дайындалады. Ерітіндіні сору мен қую циклында металы бар қабатты жоғары және төменгі бөліктегі саз-балшық арқылы гидроизоляция жасайды. Бұдан бөлек үстіңгі бөлікте қалыңдығы 300-350 метр болатын саз-балшықтан құралған қабат болады-мыс. Бентонит деп аталатын табиғи минералды зат су тиген кезде ісініп, ұңғыларды қысып қалады да, үстіңгі су қабатының төменгі сумен араласуына мүмкіндік береді.

Сонымен бірге кеніштің іші мен сыртындағы бұрғылау ұңғыларының сулары әр тоқсан сайын сорылып алынып отырады. Осылайша алынған су зертханаға жіберіліп, сынама алынады.

Мамандар сондай-ақ уран өндірісі біткен соң өндірілген жер аумағы 3-5 жылда қайта қалпына келеді дейді. Өндірістің табиғатқа зияны жоғны сендіргенімен өндіріс аумағына жақын орналасқан аудан, ауыл жұртшылығы ауысу сапасының нашарлағанын жиі айтады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТАДЫ

Елімізде ең алғашқы мұнай 1899 жылы Қарацұңғыл атты мекенде 40 метр тереңдіктен алынған екен. Жалпы Қазақстан мұнай мен газға бай елдердің қатарына жатады. Бұл тұрғыда Қазақстан ТМД елдері арасында мұнай өндіруден Ресейден кейін екінші орында, әлем бойынша оныншы орында. Ал табиғи газ қоры бойынша төртінші, әлемде бесінші орындамыз.

Мұнай еліміздің экономикалық дамуына серпін берген бірден-бір өнім. Өндірісті дамытуда шетелден инвесторлар тартылып, елде мұнай барлау жұмыстары жүргізіліп кен орындары да ашыла бастаған тұста Сыр өңірінде алғаш Құмкөл мұнай-газ кеніші ашылды.

Ақпаратқа сүйенсек, мұнай өндіру саласында аталған кен орны 1991 жылы 1 миллион тонна мұнай өндірген екен. Осыдан соң еліміздің батыс, оңтүстік аймағынан мұнай-газ кен орындары ашылып, оны игеруде шетелдік инвесторлар тартыла бастаған. Осылайша өңірдегі алғашқы мұнай өндірісі қолға алынып, күні бүгінге дейін жұмыс істеуде.

Қара алтын өндірісінің қолға алынуы экономиканы дамытуға септігін тигізгені жасырын емес. Бұдан бөлек аталған өнімнің өзінен күнделікті тұрмысқа қажет 6000-нан астам тауар шығарылады. Яғни біз тұтынатын тауарлар мұнаймен тығыз байланысты. Осыдан-ақ қара алтынның барлық саламен біте қайнасып жатқанын аңғаруға болады. Бүгінде бүкіл әлемді асыраушы мұнай дегенде пікір қалыптасқан.

Кез келген өндірістің пайдасы мен бірге зияны да қатар жүреді емес пе? Сол сияқты мұнайдың да қоршаған ортаға тигізер өзіндік кері әсері бар. Мәселен, әлем ғалымдары қара алтынның экономикалық-саяси тұрғыда пайдасы зор болғанымен, одан жасалған өнімдердің адамзатқа зияны барын айтады. Оның ішінде көліктердің көбеюі, оған қолданылатын жанармайдың күн сайын ауаға химиялық улы зат тарататынын, мұны адам денсаулығына аса зиян келтіретін ағартып алады. Әсіресе теңізге төгілетін мұнай қалдықтары ондағы тіршілік иелерінің жаппай қырылуына әкелуі мүмкін. Ашық ақпарат көзіндегі деректерге сүйенсек, жыл сайын дүние-

жүзілік мұхиттарға 2-10 миллион тонна мұнай құйылады екен. Салдарынан судағы тіршілік иелерімен бірге жан-жануар, құстарға да қауіп төндіреді.

Сонымен қатар мұнай өндіру және пайдалану кезінде ауаға шығарылатын газдар оның жоғарғы қабатына жиналып, ауа қысымының жоғарылауына ықпал

аймақтағы мұнай-кен орындарындағы экологиялық апаттар жайында сұраған едік.

Мамандардың айтуынша, биыл 9 айдағы есеп бойынша мұнай кен орындарында апаттық жағдай болмаған. Дегенмен мұнайдың төгілуіне консервацияланған, жойылған және иесіз көмірсутек кен орын-

айында Қармақшы ауданындағы мұнай ұңғымаларына барып, тексеру жүргізген. Сондай-ақ тамыз айында экология департаментімен мемлекеттік экологиялық сараптамааның сарапшылық кеңес отырысы өткізіліп, «Түзжолмұнайгаз Оперейтинг» ЖШС-ның «4671 және 1057 келісім-шарттық аумақтары» бойынша әсер етуге

АУА САПАСЫНА МҰНАЙДЫҢ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?



етеді. Бұл өз кезегінде ғаламдық жылыну мәселесін туындатады. Ғалымдар бұлай жалғаса берсе мұздықтар еріп, жердің біршама бөлігін су басуы мүмкін деген болжам айтады.

Сыр өңірі – еліміздегі экологиялық аймақтың бірі. Өңірдегі басты табиғи апат, экологияның нашарлауы Арал теңізінің тартылуынан, Байқоңыр ғарыш айлағының әсерінен десек те, қара алтынның да өз үлесі бары сөзсіз. Осы орайда облыстық Экология департаменті мамандарынан

дарының мониторингін жүргізу үшін ҚР ЭТРМ экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаменті, ҚР ЭМ Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциясының оңтүстік өңіраралық басқармасы және ҚР ИИМ Геология комитетінің «Оңтүстік-казжеркойнау» Оңтүстік Қазақстан өңіраралық департаменті қызметкерлерінен ведомстволарлық жұмыс тобы құрылып, тексеру жұмыстары жүргізіледі. Мәселен, аталған жұмыс тобы биыл қыркүйек

арналған экологиялық рұқсатты алуға ұсынылған жобалық құжаттамалары талқыланды. Отырыс барысында мұнай және газ өндіру барысында атмосфералық ауаға шығарылатын шығарындылар мемлекеттік экологиялық тексеру кезінде басты назарға алынатындығы айтылған.

Мұнай өнімдерінің ауаға келтіретін зияны да аз емес. Оның ішінде көлік құралдарының жанармай отынын тұтыну кезінде келетін залалы орасан. Соған байланысты аталған департамент аудан 79 сынама алып, нәтижесінде 17 сынамадан нормативтік шектен асу дерегі анықталған.

Аймақтағы экологиялық ахуалды тұрақтандыру, алдын-алу мақсатында департамент тарапынан осындай шаралар атқарылады.

Бүгінде қоршаған ортаны таза ұстау, табиғатты аялау, экологиялық апатты болдырмау әлемдік мақсатқа айналған. Бұл тұрғыда елімізде «Birge: Taza Qazaqstan», «World CleanUp Day», «Табиғатта қояқса жол жоқ» және электр энергиясын үнемдеу мақсатында халықаралық «Жер сағаты» республикалық экологиялық жобалар жүзеге асырылуда. Бұған облыстағы үкіметтік емес ұйым, мемлекеттік орган мүшелерінің, қоғам өкілдерінің, жергілікті тұрғындардың, сондай-ақ экобелсенділер мен волонтерлер белсенді атсалысып келеді.

Бетті дайындаған
Айдана СЕЙІЛ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Т.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті

жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер

мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік

басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында

басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына

хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 Тапсырыс №1639

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА